Сабақтыңсоңы	**«Сабақты қорытындылау»** **Мақсаты:** Қол жеткен нәтижелер туралы ойлану, өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру. **Сипаттама:** Өткен тақырып туралы талқылау үшін мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті. **Мұғалім әрекеті:** Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушы мен капитанды атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады. **Оқушының әрекеті:** Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. «Команда капитаны» рөліндегі оймен бөліседі. Мұғалім сұрағына жауап береді. Өзінің жетістігі туралы айтады. **Бағалау:** Мұғалім оқушыларына «Рефлексиялық нысана» парақшасын таратып береді, оқушылар өзіндік бағалау арқылы парақшаларын толтырады.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім	
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович
Күні	
Сынып 9	Қатысушылар саны Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Топта гимнастика жаттығулар тізбегін құру және бағалау
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.2.1 - көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді бағалау
Сабақтың мақсаты	Гимнастикажаттығуларындағыкөшбасшылықдағдыларынжәнекомандадажұмыс істей біледі
Бағалау критерииі	- Өзгелердің шығармашылық қабілеттерін бағалайды және талдайды; - Ситуацияданшығужолдарынұсынаалады;

	Сабақ кезеңдері Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	**Бағалау**	**Ресурстар**
	Кіріспе 3 мин	Дайындық бөлімі: - Сапқа тұрғызу; - Рапорт қабылдап алу, амандасу; - Оқушылардың дайындықтарын тексеру; - Сабақтың міндеттерін жеткізу; - Шеңбер жасап тұру: **«Шеңбердегі жаттығу» әдісі** Жалпы дамыту жаттығулары:	Сапалы жылдам сапқа тұру. Пәрменді тиянақты тапсыру. Мұғалімнің айтқанын мұқият тындау.	Оқушы өз жұбын табады Сұрақ жауап орындайды	

	2 мин 5 мин	I.Б.қ.:Қол белде, аяқ иық деңгейінде Басты айналдыру 1-4 оң жақтан 1-4 сол жақтан II.Б.қ.:Қол иықта Иық буындарын айналдыру 1-4 алға 1-4 артқа III.Б.қ.:Қол белде Белді айналдыру 1-4 оң жақтан 1-4 сол жақтан IV.Б.қ.:Оң қол жоғарыда,сол қол белде Жанға иілу 1-2 солға 3-4 оңға V.Б.қ.:Қол алдында шыңтақтан бүгілген Қолдарды жазу 1-2 кеуде алдында 3-4 оң жақтан, сол жақтан VII.Б.қ.:Қол тізеде Тізені айналдыру 1-4 ішінен 1-4 сыртынан VIII.Б.қ.:Қол құлыпта Аяқтың ұшын айналдыру 1-2 оң аяқтың 3-4 сол аяқтың	Қауіпсіздік ережесі туралы қысқаша айтып өтеді. Өз ұсыныстарын білдіреді. Бір-бірінің пікіріне сыйластықпен қарайды. Оқушылар топқа бөлінеді. Оқушылар бірлесіп сабаққа мақсат қояды. Оқушылар білімдерін көрсетеді. Бірін-бірі тыңдайды.		

	25 мин	Бір уақытта бірнеше оқушы гимнастикалық снарядтарда ұсынылған рет бойынша жаттығуларды орындайды және шағын топтарда орындау техникасы бағаланады. **Ербалалар:** *Жаттығуларды кермеде орындау:* майысып және созылып қолды сілтеу және бұлғау; асылып тұрып бұрылып көтерілу және асылымға баяу түсу; асылып тұрып серпіліп, 90° бұрылып артқа секіру. *Жаттығуларды қоссырықта орындау:* атта отырып аяқтарды ашып алдыға аударылу; тіректе тұрып қолдарды серпу; екпінмен атқа отырып аяқтарды алшақ қою; тіректе шайқалып тұрып, бөренеге бетпен қарап, 90° бұрылып артқа секіру. **Қыздар:** *Жаттығуларды ағашта орындау:* тіректен секіру және жамбаспен атқа бұрылу. Атта жамбаспен отырып, айналып бұрылу және сол жамбаспен атқа отырып, аяқтарды алшақ қою. Көлденең тұрып, аяқты алдыға сермеп, айналу.бір тізеде тұрып «жартылау шпагат» жасау. Бір «қарлығаштағы» тепе-теңдік. Үш-төрт өткен жаттығулардан қисындар келтіру. *Әртүрлі биіктіктегі қоссырықтар*: қаданың жоғарғы жағында асылып тұрып, бетті сыртқа қаратып, бүгіліп асылу – төменгі қадада арқамен жатып асылу және бір қолмен асылып тұрып, көлденең жатып асылу. Жоғарғы қаданың біреуіне қол жеткізіп, төменгі қадада «жартылай шпагат» жасау. Төменгі қадада (екі аяқпен асылып, жоғарғы қадаға бетпен қарағаннан кейін) бұрышпен кері секіру «Тепе-теңдікті сақтар».	Жаттығуды дәл орындайды. Серіктесімен жұмыс жасау. . Оқушылар топпен жұмыс жасайды. Мұғалім топты бағалайды.	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау **: «Бас бармақ» арқылы бағалайды** ҚБ «От шашу»	Оқу бағдарламасы,тақырыптық – күнтізбелік жоспар, кіші ат, көпірше (мостик), гимнастикалық төсеніштер (маты), гимнастикалық әр түрлі биіктіктегі қос – сырық.

		 Үш теріс бұрылған гимнастикалық орындықтарда (немесе бөренелерде) бір біріне қарама-қарсы екі команда тұрады. Шектеулі тірегіште тұрып, бір қолдарын арқасында ұстап, екінші қолдарымен бірін бірі тепе - теңдіктен шығаруға тырысады. Қатысушылардың бірі құлаған сәтте командаға бір ұпай беріледі. Ойын нұсқалары: жеңімпаз келесі қатысушымен күресуді жалғастырады, осылайша қарсыластар болғанша қайталана береді. **Ұпай саны көп команда жеңіске жетеді.**			
	5мин	Рефлексия « ПОПС» формуласы әдісі арқылы кері байланыс жасалады. «Менің ойымша бұл....» «Себебі мен оны былай түсіндірер едім...» «оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын....» «Осыған байланысты мен мынандай қортынды шешімге келдім....» Үйге тапсырма. Қарлығаш жасау, таңғы жаттығулар кешенің құрастыру.	Оқушылар оз пікірлерімен бөліседі. Оқушылар стикерді суреттерге жабыстырады.		

Бөлім		
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович	
Күні		
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны

Сабақтың тақырыбы	Топта гимнастика жаттығулар тізбегін құру және бағалау			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.2.1 - көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді бағалау			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар қозғалыс кеңістігінде толық топ ретінде қауіпсіз жұмыс істеу			
Бағалау критерииі	Негізгіқимыл-қозғалысжаттығуларыныңбайланысынанықтайды.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау. Қауіпсіздік ережесімен сабаққа дайындығын ескеру.Сапттық жаттығулары: түзулен, тіктен, оң-ға, сол-ға, ай-нал, адым-да, т.с.с. Арнайы жүру, жүгіру жаттығулары. Жалпы денені дамытуға арналған жаттығуларын орындату.Сапта тұру, сәлемдесу, кезекшінің баяндамасы, қауіпсіздік ережесімен сабаққа дайындығын ескеру	Қойылған сұраққа өз ойын айту, жауап беру.	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар
Ортасы	**Негізгі бөлім** Сапқа тұрғызып оқушыларды әр станцияға бөлу, жаттығуларды айту, көрсету. әр станцияда бір оқушыдан шығарып көрсету Жаттығуларды мұғалімнің белгісімен бір уақытта бастау 1-ші станция: алға, артқа домалау, жауырынға тұру. 2-ші станция: арқанға шығу. 3-ші стансия: аттан аяқты бүге үстіне отырып секіру, жүгіріп келе қолды тіреп секіру. 4-ші станция: матыда баспен тұру, көпірше жасау.	тақырыпқа сай берілген тапсырмаларды таладайды сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді Динамика мен кеңістіктегі айқын	Топ белсендісі анықталып, топ басшысы болып тағайындалуы ҚБ «Бағдаршам»	Мұғалімге ысқырық. Конустар. Бағалау криерийлері үшін негізгі қимыл қабілеттері ресурсын қарау.

	5-ші станция: гимнастикалық таяқпен жаттығу жасау, екі ұшынан ұстап алға- артқа еңкейу, жанға еңкейу, бір ұшын еденге тіреп алға еңкейу, екі ұшынан ұстап таяқтан алға-артқа аттау Қалған уақытта оқушыларға өздеріне ұнаған станцияда жаттығуларды еркін істету	өзгерістерді көрсететін жаңартпашыл және бір қалыпты реттіліктерды ойлап шығару. Топтық жұмысты сенімді жүргізіп, өз серіктестерімен бірлесіп жұмыс жасау	ҚБ «От шашу»	
Сабақтыңсоңы	Өткен тақырыпты бекіту мақсатында оқушылардан қалыптастырушы бағалауға тест тапсырмаларын беру. Құрал-жабдықтарды жинау. Бүгінгі сабақты қорытындылау. Соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: -нені білдім, нені үйрендім. –нені толық түсінбедім. Үй тапсырмасы - дене қаблеттерін дамыту жаттығулары	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім		
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович	
Күні		
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Халықаралық ойындар	

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.7.1 - жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетуді талдай білу			
Сабақтың мақсаты	Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетуді талқылау және бейімдей білу			
Бағалау критерии	Қазақтың ұлттық ойындары арқылы патриоттық сезімді оятып, әділдіктің әсерін ойын арқылы көрсетеді • Қазақтың ұлттық ойындарының түрлерін ажыратады және балама ұқсас ойындарды құрастырады • Қазақтың ұлттық ойындарының атауларын атайды және қандай физикалық қасиеттерді дамытатынын анықтайды			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Сәлемдесу,оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру, жүрек қағысын(пульсін) тексеру. Сабақтың мақсатын түсіндіру Оқушыларды суреттер құрастыру арқылы топтарға бөлу. Әр топ өз беттерінше жалпы дене жаттығуын жасайды.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар
Ортасы	Топқа бөлу: I. Бастапқы қалып: қол ұстасып бір – біріне қарама – қарсы тұрады. 1. Қолды екі жаны арқылы жоғары кқтеру, сол аяқты артқа ұстау 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпенен де осылай жасау II. Бастапқы қалып. Қолдарын төмен ұстап, бір – біріне арқаларын беріп тұрады. 1. Сол аяғын ұшымен жанға қояды, оң қолды жоғары көтеріп солға еңкейеді. 2. бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаууа да осылай жасау.	Жаңа сөздерді тыңдайды, қайталайды Тапсырмаларды орындайды құрастыра алады «Қол жеткен нәтижелер туралы ойлану, өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру.	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам»	Волейбол доптары, волейбол торлары, бос ойын кеңістігі, мұғалімге арналған ысқырық

	III. Бастапқы қалып. Бір – бірінінң иықтарын ұстап, алға еңкейіп тұрады. 1. Алға қарай серіппелі түрде еңкею 2. Солға бұрылу. Екінші жаққа бұрылыс жасай, осылай істеу IV Бастапқы қалып қолдарын жоғары көтеріп ұстап, бір – біріне арқаларын беріп тұрады. 1. Сол аяқпен ілгері аттау, артқа шалқаю 2. Бастапқы қалыпқа келу, екінші аяқпен де осылай істеу V. Бастапқы қалып қолдарын шынтақтап іліп алып, бір – біріне арқаларын тигізу 1. Жартылай отыру 2. бастапқы қалыпқа келу VI. бастапқы қалып. Серіктерінің иығына қолды салып, бір – біріне қарама – қарсы тұрады. 1. Сол аяқты оңға солға қарай сілтеу 2. бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай істеу. VII. бастапқы қалып. Табандарын тіреп, аяқтарын алшақ қойып, бір біріне қарама қарсы отыру, оң қолдарымен ұстасады. 1. Біреуі алға еңкейсе, екіншісі шалқаяды 2. Бастапқы қалыпқа келу 3. Екінші жаққа еңкейіп шалқаю 4. Бұл да сондай, сол қолмен ұстайды. VIII. бастапқы қалып. Табандарын тіреп, аяқтарын тізеден бүгіп, қолдарын ұстасып еденде қарама – қарсы отырады. 1. Сол аяқты жоғары көтеоір созып ұстайды.	Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушы мен капитанды атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады.	ҚБ «От шашу»	

	2. Бастапқы қалыпқа келу 3 – 4 оң аяқпен де осылай жасау IX. Бастапқы қалып. Аяқты алшақ ұстап, тіреліп жату. «Б» «А» - ның аяғынан өзінің белі деңгейінде ұстайды. 1. «А» қолын бүгеді, «Б» жартылай отырады. 2. бастапқы қалыпқа келу X. Бастапқы қалып. «А» тізерлеп отырып, сол қолын алда, оң қолын жоғары ұстайды. «Б» оған қарама – қарсы оң аяғын алға салып тұрады. 1 -2 артқа қарай шалқаю 3 – 4 бастапқы қалыпқа келу XI. Бастапқы қалып. Бір – біріне қарама - қарсы тұрып «Б» «А» аяғын ұстайды. 1- 3 оң аяқпен секірулер жасайды 4 – аяқтардың қалпын өзгерту. Екінші аяқпен де осылай жасау 2. Эстафеталық ойындар б/б 2 -3 топқа бөлініп жарысу 1. Б/б добын еденге ұрып жүгіру 2. Допты бір – біріне жоғарыдан беру 3. Допты түскенінше торға салу 4. Бір – біріне допты оң – сол жанынан беру 5. Қойылған заттар арасымен жүгіру 6. Допты бір – біріне төменнен беру 7. Допты бір жолдан торға салу 8. Допты аяққа қысып секіру 3. Екі жақты ойынды жетілдіру			

	2-3-4 топқа бөлініп, допты ұстау, оны беру, секіру, алып жүру және торға тастау әдістерімен, ережесімен Оқушылар «Сокыртеке» ойынын ойнайды. Оқушыларды үш топқа бөліңіз. Әрбір топта көзі байланған (соқыр теке) бір оқушы болады. Осы топтағы басқа ойыншылар белгілі бір аумақта олардың айналасына жиналады және көзі байланған ойыншыға қол тигізуге, бірақ оған ұсталып қалмауға тырысады. Егер оқушы «жүргізушіні» ұстап алса, жаңа «жүргізушіге» айналады. Содан кейін олар өздеріне қол тигізуден қорғау үшін пайдаланған тактиканы, ал «жүргізушілер» бос оқушыларды ұстап алу үшін пайдаланған тактиканы талқылайды **(** Оқушылар «Белбеусок» ойынын ойнайды. Сыныпты 5-6 оқушыдан топтарға бөліңіз және оларды радиусы шамамен 6-8 метр болатын шеңберге отырғызыңыз. Жүргізуші шеңберді айнала белбеумен жүреді және оны отырған оқушының артына қояды. Отырған оқушы тұрып, белбеуді қолына алып, шеңбер сыртындағы жүргізушіні қуа бастайды. Оқушылар жеңімпаз болу үшін белбеуі бар жүргізушіге қол тигізуі тиіс. Егер олар мұны жүргізуші бос орынға жеткенге дейін істей алмаса, онда олар жеңіледі. Қуғыннан соң оқушылар шеңбердегі әрбір оқушы «жүргізуші» болғанға дейін рөлдерімен ауысады. https://www.zharar.com/kz/national/602-oiyn.html Кері байланыс: оқушылар бір –бірінің жұмысына кері байланыс береді.			
Сабақтыңсоңы	Сабақты қортындылау мақсатында мұғалім оқушылармен кері байланыс орнатады.Оқушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс істегенін ,не қызықты әрі жеңіл болғанын, не киындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіру	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

	Қызыл – менің түсінбеген сұрақтарым бар; Сары – алған ақпараттарымды әлі де қорытуым керек; Жасыл – маған хат жазу талаптары түсінікті болды.			

Бөлім		
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович	
Күні		
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Халықаралық ойындар	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.7.1 - жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетуді талдай білу	
Сабақтың мақсаты	Әр-түрлі физикалық әрекеттерді пайдаланып, қазақтың ұлттық ойындарды ойнай алады	
Бағалау критерии	Халықаралық ұлттық ойындарын біледі Біріккен әрі тиімді жұмыс көрсетеді Ойын кезінде әр-түрлі физикалық әрекеттерде дағдыларды түсініп қолданады	

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Оқушылармен сәлемдесу,бүгінгі сабақтың тақырыбымен және бағалау критериімен таныстыру.Сабақ барысындағы немесе дене жаттығуларын орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда, активити** «ақсерекпен көксерек» **ойынын ойнату.** **Жүгіріп орындалатын жаттығулар жиынтығы.** • бірінші топ құрал жабдықсыз орындалатын қарапайым жаттығулар кешенін құрады, сынып болып орындайды. (қол мен иық буындарына, мойынға және денеге, аяққа және жалпы денеге арналған); • екінші топ құрал жабдықпен орындалатын жаттығулар кешенін құрады, сыныпқа ұсынады (нығыздалған доппен, секіргішпен, гимнастикалық орындықта, гимнастикалық қабырғада). **Оқушылардан сұрау** - Әр түрлі бұлшық еттер топтарын жаттықтыратын жаттығуларды неліктен орындау қажет.(оқушылардың жауаптарын тыңдау, жауаптарына қарай бағалау)	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар
Ортасы	**1-тапсырма** **Арқан тарту** — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам немесе сыныптың адам санына тең бөлінуге болады, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады. Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шыгады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады. Сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып	Жаңа сөздерді тыңдайды, қайталайды Тапсырмаларды орындайды құрастыра алады Допты алып жүру,ереже сақтаумен өтеді -Допты тартып алу сәтінде қауіпсіздік ережесін сақтау және ережесін дұрыс орындайды	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам»	Әр әрекет үшін үлкен бос кеңістік. Ноутбуктар. Баскетбол ойынның мұғалімге ысқырық, смайликтар.

	тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді. Адал ойындағы адамгершілік құндылықтары туралы шағын топтарда талқылау. Ойыншыларды қошеметтеу, сырттай бақылау, нәтижелерін есепке алып екі жұлдыз бір тілек айту **2-тапсырма** **«Бөрік жасырмақ»** ойынына қатынасушылар араларынан бір ойыншыны шығарып, алыстау жерге барып, бөрік немесе басқа бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайда жасырынуы керек. Қалған ойыншылар жасырған ойыншының тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып, алуға қам жасаса, онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жағдайы екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып, бөрікке жібермеуге тырысады. Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын, бөріктің иесіне қол тигізіп күш жұмсауына болмайды. Қайткенде де алдап жүріп алып, оны ойын жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті жасыруға бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойын жалғаса береді **Сұрақ-жауап** Қандай қиындықтар болды? Шешу жолдары? Оқушыларды орындаған жаттығуларына қарай талдау және бағалау. Өзін-өзі бағалау парағы,		ҚБ «От шашу»	
Сабақтыңсоңы	Оқушылардың демін бір қалпқа келтіру, тыныс алу жаттығуы. **Формативті бағалау.** «Бас бармақ» әдісі. **Үйге тапсырма:** Жүппен жасалатын жаттығу түрін іздеп тауып немесе ойластырып келу.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына		Рефлексия парағы

	Бағалау: Мұғалім оқушыларды рефлексиялық суреттер арқылы сабақ деңгейін, оқушылардың өздерін қаншалықты көрсете алғандығын білу. Сапқа тұру. Сыныпқа қайту.	байланысты кері байланыс жасайды.		

Күні:	**Мұғалімнің есімі:** «Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович	
СЫНЫП: 9	**Қатысқандар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	**Халықаралық ойындар**	
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	9.2.3.1 - қолайлы оқып-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын бағалай білу	
Сабақтың мақсаты	Әр-түрлі физикалық әрекеттерді пайдаланып, қазақтың ұлттық ойындарды ойнай алады	
Бағалау критерийі	Қазақтың ұлттық ойындарын біледі Біріккен әрі тиімді жұмыс көрсетеді Ойын кезінде әр-түрлі физикалық әрекеттерде дағдыларды түсініп қолданады	

Тапсырмалар: Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті			
Тапсырмалар:	**Мұғалімнің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Ресурстар**
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Оқушылармен сәлемдесу,бүгінгі сабақтың тақырыбымен және бағалау критериімен таныстыру.Сабақ барысындағы немесе дене жаттығуларын орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда, активити** «ақсерекпен көксерек» **ойынын ойнату.** **Жүгіріп орындалатын жаттығулар жиынтығы.** • бірінші топ құрал жабдықсыз орындалатын қарапайым жаттығулар кешенін құрады, сынып болып орындайды. (қол мен иық буындарына, мойынға және денеге, аяққа және жалпы денеге арналған); • екінші топ құрал жабдықпен орындалатын жаттығулар кешенін құрады, сыныпқа ұсынады (нығыздалған доппен, секіргішпен, гимнастикалық орындықта, гимнастикалық қабырғада). **Оқушылардан сұрау** - Әр түрлі бұлшық еттер топтарын жаттықтыратын жаттығуларды неліктен орындау қажет.(оқушылардың жауаптарын тыңдау, жауаптарына қарай бағалау)	Сабаққа қызығушылығы артады,көңіл күйлері жақсарады Оқушылар суреттер бойынша екі топқа бөлінеді. Кезекші бүгінгі күн туралы есеп береді	суреттер
Ортасы	**1-тапсырма** **Арқан тарту** — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді.	Сұрақтарға жауап береді,кезек-кезек тақтаға шығып жұлдызшаларын іледі, жаңа сабақтың тақырыбын болжайды	Әрбір әрекет түріне арналған үлкен, бос кеңістік. Мұғалімге арналған

	Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам немесе сыныптың адам санына тең бөлінуге болады, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады. Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта түрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шыгады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады. Сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді. Адал ойындағы адамгершілік құндылықтары туралы шағын топтарда талқылау. Ойыншыларды қошеметтеу, сырттай бақылау, нәтижелерін есепке алып екі жұлдыз бір тілек айту **2-тапсырма** **«Бөрік жасырмақ»** ойынына қатынасушылар араларынан бір ойыншыны шығарып, алыстау жерге барып, бөрік немесе басқа бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайда жасырынуы керек. Қалған ойыншылар жасырған ойыншының тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып, алуға қам жасаса, онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жағдайы екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып, бөрікке жібермеуге тырысады. Ал		ысқырғыш. Кубиктер, арқан, гимнастикалық таяқтар.

	басқалардың қай-қайсысы болмасын, бөріктің иесіне қол тигізіп күш жұмсауына болмайды. Қайткенде де алдап жүріп алып, оны ойын жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті жасыруға бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойын жалғаса береді **Сұрақ-жауап** Қандай қиындықтар болды? Шешу жолдары? Оқушыларды орындаған жаттығуларына қарай талдау және бағалау. Өзін-өзі бағалау парағы,		
. Бағалау	Формативті бағалау. Оқушыларды әр тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағамен бағалап отырады. 1. «Қол шапалақтау» 2. «Бағдаршам» 3. «Парталас көршіңе арнап бір тілек таңда» 4. « "Қолмен белгі беру" әдістері бойынша бағалайды.	Оқушылар әр тапсырмадан кейін бір-бірін қалыптастырушы бағамен бағалап отырады. Сабақ соңында өз-өздерін бағалайды	«Қол шапалақтау», Бағдаршам», «Парталас көршіңе арнап бір тілек таңда» «Шоқ жұлдыз», "Қолмен белгі беру"
.Рефлексия	**Рефлексия:** Мұғалім қортындылап, рефлексия жүргізеді. Оқушыларға сабақ жайында өз ойларын айтуды ұсынады.	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін қайықтарын суға жіберу арқылы білдіреді.	"Білім теңізі" әдісі

	Мұғалім үйге тапсырма береді: шаңғы спортының терминдерін біліп алу. Таң ертеңгілік жаттығу, пресс, таянып жатып еденнен итерілу, кермеден тартылу.		

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	**Халықаралық ойындар**			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.3.1 - қолайлы оқып-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын бағалай білу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар өзін-өзі көрсетуді, ішкі бақылауды, үйлесім мен батыл, ашық, білімқұмар және көреген болу қабілеттерін дамыта алады. Ойындар балаларға осы қасиеттерді алуға көмектеседі. Оқушылар жүру амалдарын біледі , алдын ала дене,саусақ,көз жаттығуларын жасай алады.			
Бағалау критерииі	Ойын ережелерін біледі және түсінеді Ойын барысында ұлттық ойындар ережелерін көрсетеді және түсіндіреді			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Оқушыларды қатарға тұрғызу сәлемдесу, сабақ мақсаттарымен таныстыру. Орында (оңға,солға, кері) бұрылу. Оқушылардың жүрек соғысын көтеру	Оқушы өз жұбын табады	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар

	үшін қолды жоғары көтеріп аяқ ұшымен, қолды белге қойып өкшемен жүру, алаң шетімен жүгіру және әнмен дене қыздыру жаттығуларын жасау. **Сергіту сәті:** Тұрғын, үй, жер сілкінісі. Оқушылар екі-екіден қол ұстасып тұрады. Үшіншісі оқушы екі кісінің ортасында тұрады: 1.Жүргізуші **«тұрғын»** дегенде, ортадағы кісілер орнын ауыстырады. 2. **«Үй»** дегенде, қол ұстасқан кісілер ауысады. 3.**«Жер сілкінісі»** дегенде, барлығы ауысады**.(мадақтау арқылы бағалау)**	Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды		
Ортасы	1 2-тапсырма: – **«Жаяу көкпар»** — ұлттық ойын. Бұл ойын спорт залда, жазды күні, кең жазықта ойналады. Ойын өтетін жердің ұзындығы 50—60 метр, көлденеңі 25—30 метрден кем болмайды. Сол жазық алаңның бір шетіне шағын авто көліктін дөңгелегін қоямыз. Алаңның екінші шетінен де шағын авто көліктін дөңгелегін қоямыз.Бұны **«Қазандық»** деп атайды. Ортадан сызық сызылады. Ойынға қатынасушылар екі топқа бөлінеді де сол ортадағы сызықта сан құрып тұрады. Ойынды төреші ысқырық арқылы бастайды. Көкпарға салмағы **3(үш) кг** доп қолданамыз. Төрешінің берген ысқырығы бойынша ойын басталады. Екі топтың ойыншысы ортада жатқан **3(үш) кг** допқа (яғни көкпарға) қарай жүгіріп кім бірінші жеткен топ өзерінің ойыншыларымен бірігіп қарсы топтын қазандығына салу керек. Топтың қалған ойыншылары оған көмекке келеді. Ал қарсы топ,қорғанып салдырмауға тартып алуға тырысады. Көкпармен бірге алда жүгіріп бара жатқан ойыншы мәре сызығына қарай жақындайды. Қай топ көкпарды қазандыққа бірінші тастаса сол топ бір ұпай алады да ойын төреші арқылы көкпарды ортадан бастайды.Ойыншысы бірінші болып көкпарды жеткізген топ жеңімпаз атанады. Қызу тартыс басталады. Ойынға қатысушылар айла-амал қолданып, алаңның ішінде бұлтарып қаша жүріп, өз тобының**«Қазандыққа»** бұрын әкелуін қарастырады. Бірақ белгіленген межелі жерден шығуға болмайды Егер белгіленген межелі жерден шықса, көкпар ортаға жеткізіледі , көкпарға	тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, тапсырмаларды орындайды ойын ережесін көрсетеді Оқушылар топтық тапсырмалардың әр түрлі жағдайда негізгі қозғалыс дағдыларын талқылай отырып орта көрсте отырып түсіндіреді. ұлттық ойындардар туралы өз ойларын жеткіздеді , асық, еңкею тақтайлары,	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	Әрбір әрекет түріне арналған үлкен, бос кеңістік. Мұғалімге арналған ысқырғыш, әр түрлі ұзындықтағы арқандар, шарттарын белгілейтін кеглилер.

	таласу төреші арқылы басталады.Ойынға допты да пайдалануға болады. **(бірін-бірі бағалау)** **Сіздің міндетіңіз:** жүгіріп бара жатып допты қазандыққа салу.Ойын қызметі барысында оқушылар «көкпарды» ұстап алу бойынша стратегия мен тәсілдерді қолдану қажет. **Тиым салынады:** қатысушыны ұруға, арқасынан итеруге, бір біріне деген басқыншылық әрекетті қолдануға. Топ бір ұпай алады. Қарсылас топ қарсыластардың жолын жауып, қарсылас топтың «қазандыққа» өтуге мүмкіндік бермей кедергілер құрастыруы қажет. Адал ойындағы адамгершілік құндылықтары туралы шағын топтарда талқылау. **Жіктеу:** доппен жұпта ойнау, қолдарынан ұстасып, алаң бойынша қозғалу қажет. Жұптың мақсаты – «көкпарды» «қазандыққа»салу,лақтыру. **Сұраңыз:** Қай әдіс-тәсіл бір-бірімен жақсы үйлеседі? Ойыншының арасынан дұрыс өтуді қалай орындау керек? Оқушылар ұсынылған жаттығу өрнектерін топтарда талқылау және талдау мен баға беру. **(екі жұлдыз бір тілек)**	құрсау, пластмасса доптар, қоржын ,тоғызқұмалақ, атсырау, тұздық, отау жеті тас,қақпа доп(гольф),сақина салу,ақ сүйек , жеті тас,		
Сабақтыңсоңы	**Кері байланыс:**«Тастарды жина» сабақтың басында мұғалім оқушыларға екі-үш тастан таратады. Сабақтың соңында мұғалім оқушылардан қолдарыңдағы тасты кімге бергісі келетінін сұрайды. Оқушылар қолындағы тасты өдерінің ойынша сабақта белсенділік танытқан оқушыларға табыстайды. Оқушылар өздерінің жасаған таңдауларын дәлелдейді. **Мұғалім:** Оқушылардың алынған тастарына қарай бағалайды.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Күні:	**Мұғалімнің аты-жөні:** «Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович
Сынып: 9	
Сабақтың тақырыбы	Зияткерлік ойындар
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.6.61 - жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін бағалау және талдай білу
Сабақтың мақсаттары	• Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетеді және түсінеді • Қолайлы оқу ортасын қалыптастыру бойынша, біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын түсіну және анықтайды • Басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды білу және орындайды
Бағалау критерийлері	• Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетеді және түсіне алады • Қолайлы оқу ортасын қалыптастыру бойынша, біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын түсіну және анықтай біледі • Басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды білу және орындай алады

Жоспар

Жоспарланатын уақыт	**Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер**	**Оқушының әрекеті**	**Дереккөздер**
Сабақтың басы	1.Ұйымдастыру кезеңі: - сапқа тұру,сәлемдесу; - сабақтың оқу мақсатын, сабақтың мақсатын және жетістік критерийін түсіндіріп мәлімдеу; **Тапсырма** **1.Қазақтың ұлттық ойындарының түрлерін ажыратыңыз.** 	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Әр б тапсырмаға үлкен, бо кеңістік.

	 2. Ұлттық ойындарға қазіргі заманауи **құралдармен балама ойын құрастырыңыз.** **Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастық туралы ақпаратты талқылаңыз.** **Дескриптор** *Білімалушы* - ұлттықойынтүрлерінажыратады; - қазіргізаманауиқұралдарменбаламаойынқұрастырады; - жарыс кезінде әділ ойнауды, өз тобының жеңуіне патриоттық қолдау көрсетуді және ынтамақтастыққа шақыру туралы ақпаратты талқылайды.		

Сабақтың ортасы	**«Жаяу көкпар» ойынын ойнаңыз.** **Берілген ойынның орындалуының тиімді жолдарын топта талқылаңыз.** **Дескриптор** *Білімалушы* - «Жаяукөкпар» ойынынойнайды; - ойынныңшартынорындайды; ойынныңтиімдіжолдарынтоптаталқылайды; - өзіалғанақпараттыбасқаларғажеткізеді. **«Қызыл ту» ойынын ойнаңыз.** **Денежаттығуларыныңбасқатүрінұсыныңызжәнеойнауәдісінқұрастырыңыз.** **Дескриптор** *Білімалушы* - «Қызыл ту»ойынынойнайды; - денежаттығуларыныңбасқатүрінұсынады; - ойынныңәдісінқұрастырады.	. Жаңа анықтамаларды ережелердіі тыңдайды, қайталайды, арнайы тапсырмаларды орындайды - Өз жолымен жүгіреді. - Ережені бұзбай жылдам жүгіріп өтеді. - Жарыс кезінде жылдам қозғалады	Ойынға арналған үлкен алаң «
Сабақтың соңы	**Кері байланыс:** *«Бес саусақ» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлері туралы айталы.* **Үй тапсырмасы**: 5-тапсырма 53 бет.	Қима қағаздан гүлдің суретін жинау арқылы 3 топ құрылады.	стикер

Бөлім		
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович	
Күні		
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны

Сабақтың тақырыбы	Зияткерлік ойындар			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.6.61 - жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін бағалау және талдай білу			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар қозғалыс кеңістігінде толық топ ретінде қауіпсіз жұмыс істеу.			
Бағалау критерииі	Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларының байланысын анықтайды.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Оқушыларды шаңғы және коньки құралдарымен жабдықтау Сапқа тұрғызу,сәлемдесу,рапорт беру. Сабақтың мақсатын түсіндіру .Оқушыларды Қауіпсіздік техникасымен таныстыру. Спорт алаңында шаңғы ізімен айналып денелерін қыздыру таяқсыз, таяқпен Жұп мүшелері бір-біріне түзету кері байланыстарын беріп, жақсы жасауға ынталадырады.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар
Ортасы	**Қауіпсіздік ережесі.** **Арнайы дайындық жаттығулары** Оқушылар топтарға бөлініп, дайындық жаттығуларын конькиде тұрып орындайды: 1. Еркін жүру: толық тоқтағанға дейін параллельді қойылған конькимен жылжу. 2. Еркін жүгіру: отырып параллельді қойылған конькимен жылжу. 3. Еркін жүру: толық тоқтағанға дейін оң аяқтағы конькимен жылжу. 4. Еркін жүгіру: толық тоқтағанға дейін сол аяқтағы конькимен жылжу. 5. Сол аяқпен итеруді орындау арқылы оң аяқтағы конькимен жылжу. 6. Оң аяқпен итеруді орындау арқылы сол аяқтағы конькимен жылжу.	Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	Әр бір іс-әрекет үшін үлкен бос кеңістік. Баскетбол доптары. Конустар.

	7. Еркін жүгіру: екі конькимен кезекпен кезек қозғалу, аяқтарды екі жаққа жіберу және қосу. 8. Еркін жүгіру: зигзаг тәріздес қозғалысты орындау арқылы екі конькимен қозғалу. Ширату және қалпына келу техникаларының маңыздылығын талдаңыз. Тамыр соғысын ұлғайтатын жаттығуларға қатысты идеяларды талдаңыз және бөлісіңіз. Тыныштық күйіндегі тамыр соғысын өлшеңіз және оны жазып алыңыз. Жылдам музыкамен бірге ширату жаттығуын орындаңыз (5 минут тоқтаусыз). Осыдан кейін өзіңіздің жұмыс тамыр соғысыңызды өлшеңіз. Екі минуттан кейін қалпына келу кезеңіндегі тамыр соғысын өлшеңіз.	білу дағдылары қалыптасады		
Сабақтыңсоңы	Кері байланыс: Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ арқылы бағалаймын. Рефлексия: БББ кестесін пайдаланамын Білемін Білдім Білгім келеді	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім		
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович	
Күні		
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Зияткерлік ойындар	

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.6.61 - жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін бағалау және талдай білу			
Сабақтың мақсаты	1. Оқушылардың тоғызқұмалақ туралы білімін тереңдету 2. Техникалық-тактикалық әдіс-тәсілдерді жетілдіру 3. Зияткерлік ойындар арқылы оқушылардың оңтайлы қарым-қатынас және көшбасшылық дағдыларын дамыту			
Бағалау критерииі	1. Оқушылар мұғалімнің қауіпсіздік ережесіне байланысты нұсқауды тыңдайды. 2. Оқушылар ұлттық ойындар сабағында әр-түрлі қимыл әрекетке байланысты дұрыс денені қыздыра біледі. 3.Оқушылар сабақ барысында өзін-өзі сақтауды және өзгені сақтандыруды біледі. 4. Оқушылар ұлттық ойындарда әділ болу және бұл ойындарда адамгершілік құндылықтарды көрсету			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Оқушыларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу. Оқушылардың қалай сезініп тұрғандарына аса мән беру. Киім киістеріне көңіл аудару. Сабаққа қаншалықты дайын болуларына көз жеткізу. Бүгінгі сабақ мақсатымен таныстыру. Сабаққа зейіндерін аударуларына байланысты сұрақтар қою *(миға шабуыл).* Екі топқа бөлу, денені қыздыру жаттығуларын орындау. Шеңбер жасап тұру:мойын бұлшық еттерінен бастап жаттығу жасау. Иық, қол, аяқ буындарына жаттығу жасау. Еденнен созылу жаттығулары. Спорт зал бойынша айнала жүгіру жаттығуларын орындау:	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар
Ортасы	**«Тоғызқұмалақ»** ойынының негізгі тактикалық әдістерін талқылаңыздар. Ойын біткеннен кейін оқушылар өз ойындарын жақсарту үшін қолданылған әдістер мен стратегияларды талқылайды.	тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы,	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	Әрбір әрекет түріне арналған

	Тұздық алу». Егер жүріс жүрілгеннен кейін тесіктердің бірінде үш тас қалса, бұл тесік «тұздық» деп аталады. Кейін осы тұздыққа түскен әрбір тас тұздығы бар ойыншының қазанына жинақталады, бірақ ойыншы 9-шы, сол секілді қарсыласы бірінші болып тұздық алған тесіктен қазан жинай алмайды.  **(П, Э) «Атсырау».** Егер жүрістен соң ойыншылардың бірінің барлық тесіктері бос болса, ол «атсыз қалу» деген жағдайда болады. Бұл жағдайда ол жүріс алмайды да, жаяу қалады.	тапсырмаларды орындайды ойын ережесін көрсетеді Оқушылар топтық тапсырмалардың әр түрлі жағдайда негізгі қозғалыс дағдыларын талқылай отырып орта көрсте отырып түсіндіреді. ұлттық ойындардар туралы өз ойларын жеткіздеді , асық, еңкею тақтайлары, құрсау, пластмасса доптар, қоржын ,тоғызқұмалақ, атсырау, тұздық, отау жеті тас,қақпа доп(гольф),сақина салу,ақ сүйек , жеті тас,	ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	үлкен, бос кеңістік. Мұғалімге арналған ысқырғыш, әр түрлі ұзындықтағы арқандар, шарттарын белгілейтін кеглилер.

	 **Жетістік критерилері:** 1. Оқушылар мұғалімнің қауіпсіздік ережесіне байланысты нұсқауды тыңдайды. 2. Оқушылар ұлттық ойындар сабағында әр-түрлі қимыл әрекетке байланысты дұрыс денені қыздыра біледі. 3.Оқушылар сабақ барысында өзін-өзі сақтауды және өзгені сақтандыруды біледі. 4. Оқушылар ұлттық ойындарда әділ болу және бұл ойындарда адамгершілік құндылықтарды көрсету			
Сабақтыңсоңы	**Кері байланыс:**«Тастарды жина» сабақтың басында мұғалім оқушыларға екі-үш тастан таратады. Сабақтың соңында мұғалім оқушылардан қолдарыңдағы тасты кімге бергісі келетінін сұрайды. Оқушылар қолындағы тасты өдерінің ойынша сабақта белсенділік танытқан оқушыларға табыстайды. Оқушылар өздерінің жасаған таңдауларын дәлелдейді. **Мұғалім:** Оқушылардың алынған тастарына қарай бағалайды.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы